

2019 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 3 сәуірдегі № 383 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 5 сәуірде № 6760 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 7, 8, 9) - тармақшаларына сәйкес Шиелі ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2019 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота осы қаулының 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шиелі ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шиелі ауданының әкімі

Ә. Оразбекұлы

Шиелі ауданы әкімдігінің 2019 жылғы
"3" сәуірдегі №383 қаулысына 1-
қосымша

2019 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік санынан	Пробация қызметі есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының саны
1	"Компания Гежуба Шиелі Цемент" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	380	0,2 %	1
2	"Р У - 6 " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	412	0.2 %	1

3	"Семізбай-У" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	200	0.5 %	1
4	"Алтын дән" шаруа қожалығы	20	5 %	1
5	"Төңкеріс К" шаруа қожалығы	108	0,9 %	1

Шиелі ауданы әкімдігінің 2019 жылғы
"3" сәуірдегі №383 қаулысына 2-
қосымша

2019 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік санынан	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының саны
1	"Компания Гежуба Шиелі Цемент" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	380	0,2 %	2

Шиелі ауданы әкімдігінің 2019 жылғы
"3" сәуірдегі №383 қаулысына 3-
қосымша

2019 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік санынан	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының саны

1	Қызылорда облысының білім басқармасының "Ш и е л і индустриалды – аграрлық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	110	0,9 %	1
---	--	-----	-------	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ